

ҰЛТТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ЖУРНАЛ

# Ақиқат



2 • 2004

# ҰЛТТЫҚ ЗИЯЛЫ ДЕП...

**К**ЕЙІНГІ кезде баспасөз беттерінде жарық көрген, ел ергені мен мемлекет мерейі жөнінде жазылған мақалалар мен еңбектерді тізбектесек, «бізде ұлттық рух, отаншылдық жетіспейді, тіпті жоқтың қасы» деген даурықпа сөзге иек сүйеген ой-пікірлер барын байқаймыз. Біздіңше, сондай аптықпа сөзге тізгін бергеннен гөрі Алашты ұран қылып, ұлтына ұлтан, жұртына құрбан болған ұлдардың еңбегін әспеттегеніміз жөн сияқты. Сөйтіп, ұлы қасиетті ұлгі ету арқылы ұрпақтың санасын уланудан сақтап, ұлттық мұратпен өзектес ұғымның ұрығын сепкеніміз жөн.

Әлбетте, ұлттың ұлы атанар ұлы қасиет екінін біріне тән емес. Бұл жөнінде Алаштың ардақтысы Мұстафа Шоқайдың: «біздіңше, белгілі бір мұрат-мақсаттар сонында жүрген және сол белгілі мұрат-мақсаттар төнірегінде жиналған оқымыстыларды ғана зиялы деп айтуға болады. Ұлттық зиялылар қатарына тек өз халқының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуына қалтқысыз қызмет ете алатын адамдар ғана кіре алады. Зиялылардың міндеті ұлы да қасиетті болуы себепті өте ауыр» — деуі сөзімізді нақтылай түсері даусыз. Жалпы, бұл концепцияның түркілік таным, мұсылмандық қағидамен астасып жатқанын білмек керек. Олай дейтініміз, түркілік пен мұсылмандық халықтық қасиеттермен біте қайнасқан, қазақи қалпымызды танытатын әрі ұлттық менталитетімізді айқындайтын сипаттар екені анық. Әрине, ұрпақтың ұлтжанды болып өсуі төл этникалық ортаға байланысты екені баршаға мәлім. Сол ортада бойға дарыған қасиеттерді шыңдау, жетілдіру арқылы іргелі елдің ұл-қыздары, тұлғалы азаматтары өсіп-өнбек. Сөйтіп, ұлттық асыл қасиеттерді бойға жинақтаған жан ғана халық үшін өзін құрбан етуге бар. Бұл ретте, тағы да М.Шоқайдың тұжырымдамасына сүйенеміз: «Жалпы, ұлттың мүддесін жеке кожалықтар мен жеке топтардың мүддесінен жоғары қоя білген, өзінің белгілі бір түзімге, белгілі бір себептермен

қалыптасқан қатынасын, оған тәуелділігін, жалпы ұлт мүддесі тұрғысына сөйкес, ұлттың жалпы жағдайына үйлесіні жүйім жолында құрбан ете білген адамдар ғана ұлттық патриот және ұлтқа пайдалы қызметші бола алады».

Байқауымызшы, ұлттық қасиеттерді бойға жарытқан зиялылар басқа халықтардың да мұн-мұқтажын, мұрат-мақсаттарын терең ұқты. Сөйтіп, ұлт мүддесі жолында тізе қосып, күш біріктірді. Өйткені, бұл кезде, яғни ХХ ғасыр басында кертартпа ескілік татар, башқұрт, қазақ, өзбек, қырғыз және т.б. түркі халықтарының болашағына үлкен қауіп төнді. Қоғамдық жағдайға байланысты аренаға жаңа саяси-әлеуметтік күштер – ұлт зиялылары шықты. Олар ұлт руханиятының өрлеуі жолында, халық өмірін қайта құру мақсатында еңбектенді. Ғасыр басындағы тарихи әлеуметтік жағдай, Ресей аймағындағы ішкі ахуал – төңкеріс пен козғалыстар кезеңі түркі түлектерінің түлеуін, саяси аренадан көрінуіне көп әсер еткені аян. Сондықтан қай қаламгер, не қайраткер болсын, оның шығармашылығын, не қызметін әдеби-тарихи процесс тұрғысында қарастырмай, тура бағасын беру қиынсыз. Бұл – көпке мәлім аксиома болса да, дәл осы тұста оны тілге тиек етпей, көздегенге тимейміз. Шынында, ұлт зиялыларының ұлы мақсат жолындағы ғұмырлары әрі қауіпті, әрі қиыншылыққа толы болды. Тарих беттерін парактасак, Алаш азаматтары болсын, Түркістан автономиясы басшылары болсын – бәрі бір ғана мақсат үшін ұмтылыс жасалы. Ол – елдің егемендігі, ұлттың тәуелсіздігі еді.

ХХ ғасыр басындағы ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті қайраткерлері қоғам өмірінің объективті тұстарын өзгертуді күшпен емес, сананың сол процеске енуі арқылы жүргізуге тиіс деген пікірді қуаттады. Олар иык тіреген басты концепция – бостандық пен рухани езгіден құтылу және халықты жалпы адамзат құндылықтарымен нәрлендіру секілді мақсаттарға негізделінді. Нақтылай айтқанда олар қазақ елінің өркениетті, егеменді мемлекет болып, дамыған елдер қатарынан көрінуін мұрат тұтты.

Ұлт-азаттық қозғалысқа бүкіл башқұрт интеллигенциясы атсалысты. Онда, әсіресе, ақын-жазушылар – Ш.Бабич, Г.Ир-қабасев, С.Мағазы, Х.Ғабитов, Г.Тоған, ағайынды Қарамышевтар және т.б. айрықша рөл атқарды. Ал азамат соғысы кезінде саяси платформасы ақтардан

/адмирал Колчактан – С.С/ қолдау таппаған сон амалсыздан келіссөз арқылы ұлттық әскери құрамынан қызылдар жағына өтуі қозғалыс лидерінің жазбаларында шынайы көрініс берген. З.Уәлиди бұл туралы: «Біз Кеңестер жағына өту арқылы бостандық пен демократия идеяларын біржола өшірдік, социалық табан пресе соғысқан жауымызға бас иідік, – бар мүддеміз бен еркіндігімізді олардың табанының астына тастадық. Маған халқымыздың комексі келешегінің суреті елестеді», – деп Кеңес кеістігіндегі шығыс халықтарының болашағын дәл болжап айтуын сұнгыла ойшылдығы демекше шара жоқ. Және бұл – Кеңестік кезеңдегі ұлт саясатының шексіз айрылығын тағы да айғақтайды.

Түркі түлегі – Шоқай да кеңестік идеологиясының сүркія саясатын, түпкі мақсатын терең түсініп, «шаһид» болғанша, «шовинизм», «рассизм» секілді адамзат өркениетіне жат қылықтарымен бітіспес күрес жүргізгені анық. Жат елде жабырқау күйде жүрсе де, туған елінің тыныс-тіршілігін үнемі қалағалай отырып, Кеңестер одағының келенсіз іс-әрекетін өшкерелеп, оның келешегіне сенімсіздікпен қарады. Мәселен, Мұстафаның халық алдындағы қажырлы қайратын, еткен еңбегін екшеп, ұлттық қасиеттерін жоғары бағалай келіп, жазушы Әнуар Әлімжанов өз еңбегінде: «Ол большевиктің империялық саясатына қарсы тұрды. Ресейдің бұрынғы отар халықтарын қорлайтын жәдігөйлік пәсілдік кемсітушілікке бастаған білектін билікке, қатыгездің кара жер бұрын сонды көрмеген тоталитарлық тәртіпке, халықтардың тарихын, дәстүрін, әдет-ғұрпын, мәдениетін тілі мен ғасырлық тұрмыс-салтын табан асты еткен бірбеткей идеологиясына қарсы тұрды» – деп, тебірене толғанады.

Міне, сөйткен есіл ер ақикат үшін алысып, шындық іздеп, шарқ ұрып «шовинизм» құрбаны болды. Жалпы Мұстафа Шоқай – түркі ұлыстарының біртұтас тәуелсіз ел болуын көздеген, соның үшін жармақ құлағы жастыққа тимей, қалтқысыз қызмет еткен Алаштын арда ұлдарының бірі саналады.

Түріктік тұтастыққа негізделген түрікшілдік тұжырымдары сол кездегі қай ұлттың өкілі, қай партияның мүшесі болмасын – бәрінің де ой-пікір орамдарынан кездестіреміз. Өйткені, зиялы деген атаққа лайық әр адам ұлтын үлпектеуге, халқын қадірлеуге, салт-дәстүр,

әдет-ғұрпы мен тілін, дінін, ділін қызғыштай қорғауға тиіс еді.

Жалпы, шығыс халықтарының ұлттық тәуелсіздік пен бостандыққа ұмтылысы көтел жазалаумен қайтарылса, күрес басшыларының қудалауға ұшырап ит жеккенге айдалғаны көпке аян. Ғасыр басындағы түркі түлектері де осындай күй кешті.

Тарих беттерін парактасак, сол кезде казактар бастан кешкен қиямет-қайым – нәубет баска шығыс халықтарын да жанай, жалмай өткенін байқаймыз. Бірақ ұлт зиялылары елдің санасын сергілтіп, намысын найзаға байлап, халық арасында рухани қозғалыс туғызды. Ақпан төңкерісінен кейін шығыс ұлттарының ұлдары Ресей мұсылмандарының басқосуын өткізіп ұлттық тіл, дін бірлігін көздеп, кемел келешек туралы кенесті. Мәскеудегі бұл мұсылман съезіне өзбек, татар, башқұрт, казак, қырғыз және т.б. халықтардың өкілдері, көрнекті қоғам қайраткерлері – М.Қари, С.Максуди, Р.Фахрутдинов, А.З. Уәлиди, М.Шокаев, Ә.Бөкейханов секілді сайдын тасындай іріктелген азаматтар қатысты. Әртүрлі ұлт өкілдерінің басын қосқан тіл, дін, діл бірлігі болса, мүдде мен мақсаттын ортақтығы да оларды осыған жетеледі.

Демек, бұдан шығатын қорытынды мынау – түркі түлектерінің түлкі мақсаты

шығыс мұсылман халықтарының аумақтық ғана емес, рухани бірлігін сақтап, түл, тіл, діл тұтастығына жол ашу, сөйтіп өркениеттің өресінен, мәдениеттің сөресінен көріну еді. Алайда, елдің санасын сергілтіп, намысын найзаға іліп, халық арасында рухани қозғалыс туғызған бұл үрдістің адымы ұзаққа бармады. Кенестің келенсіз саясаты ұлттық зиялылардың дұрыс пайымдарын пайдаға асырмай, оң істерін теріске айналдырды.

Жалпы «Еуроцентризм концепциясы» мен «ұлыдержавиялық» пиғылдар бой көтере бастаған сол тұста түркі зиялыларының, оның ішінде казак қайраткерлерінің түркішілдікке бейіл бұруы тарихи процесс негізінде сипатталып, бағалануы тиіс. Олай етпейінше, яғни уақыт тезіне салып, кезең кеністігінде көрсетпей ұлт ұлдарының ұлы істерін елемек түгіл, екшеудің өзі қиын. Сол кездегі саяси әл-ахуал, қоғамдық жағдайға баланысты бой түзеіп, ой үзген татар, башқұрт, өзбек, казак жерінде пайда болған партиялар мен ұйымдардың /«Шорай-Ислам», «Эрик», «Алаш» т.б./ басты мақсаты – түркі ұлыстарының санасына санлау тауып, ұлт-азаттық идеясын жанғырту, мешеу халыққа дұрыс жол мензеу еді. Осы тұрғыдан келгенде, олардың тұтас Түркістан идеясын көтерулері әбден дұрыс...

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

Шокай М. Таңдамалы. I том: Алматы. «Қайнар», 1998, Б:175.

Мадьяри А., Ураксин З.Г., Юлдамбаев А.М.; ВЭГУ– Уфа, 1995, С.11.

Әлімжанов Ә. Мұстафа Шокай ... Ол кім? Кітапта: Шокай М. Түркістанның қиы тағдыры, Алматы, «Жалын», 1992, Б.4.

Заки Валиди Тоған. Воспоминания. Кн.1 –Уфа, 1994, С.245–246

---

Редакцияның мекен-жайы:

480008, Алматы қаласы, Абай данғылы, 143-үйі, 6-қдбат.

---

Байланыс телефоны: 43-35-63

---

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық көлісім министрлігінде тіркеліп, № 03-г куәлік берілген.

---

Басуға 21. 10. 2003 ж. қолқойылды. Көлемі 70х108 1/16. Қағазы газеттік. Офсеттік басылым. Шартты б. т.-8,4 Шартты басылым бояуы б.т.-8,75. Есептік б. т.-9.6 Тиражы 4137. Тапсырыс 60.

---

Журнал редакцияның компьютерлік орталығында теріліп-беттеліп, «Жөдел басып шығару ЖШС баспаханасында» басылды 480016 Алматы. Қонаев көшесі, 15/1.

---

Журналдың қажетті сандарын редакциядан сатып алуға болады.